



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ

белгілі қоғам қайраткері

Дулатова Гүлнар

Міржақыпқызының

туғанына 110 жыл

библиографиялық жадынама



Арқалық, 2025 жыл

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

«Қазақтың қайсар қызы»

белгілі қоғам қайраткері

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың

туғанына 110 жыл

(библиографиялық жадынама)

ӘОЖ 929
ҚБЖ 91.9:83.3.(5Қаз)-8
Қ 19

Құрастырушы: Ж.К.Туякбаева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: Ж.К.Туякбаева
Редактор: С.А.Алматова

«Қазақтың қайсар қызы» [Мәтін] : [белгілі қоғам қайраткері Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың 110 жылдығына орай әзірленген] библиографиялық жадынама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ; [құраст.; Ж.К.Туякбаева ; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық :[б.б.], 2025. –20 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі кітапханашыларға және жас оқырмандарға арнап, библиографиялық жадынама дайындап шығарды. «Қазақтың қайсар қызы» тақырыбында дайындалған библиографиялық жадынама көпшілік қауымға арналған пайдалы құрал. Библиографиялық жадынама Гүлнар Міржақыпқызының өмірі мен шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512.122.0(092)
ҚБЖ 83.3.(5Қаз)6-8
Қ 19
© Ж.К.Туякбаева

Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі белгілі қоғам қайраткері Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың 110 жыл толуына орай «Қазақтың қайсар қызы» атты өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беретін библиографиялық жадынаманы қалың оқырман назарына ұсынып отыр.

Аталған библиографиялық жадынамаға кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

Әке аманатын арқалаған тұлға

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова – медицина ғылымдарының кандидаты, дәрігер-дерматолог, ұлт зиялысы, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Міржақып Дулатовтың қызы. Ол бар саналы ғұмырын медицина саласына және әкесінің ғылыми-рухани мұрасын сақтау мен насихаттауға арнаған. Гүлнар Дулатованың өмірі мен еңбегі – ұлт тарихындағы ұлағат пен өнегенің үлгісі. Өмірдерегін тектінің тұяғы өз жазбасында: «Мен Гүлнар



Міржақып пен Ғайнижамал Дулатовтардың тұңғыш перзентімін. 1915 жылы қарашаның төртінші жұлдызында дүниеге келіппін. Туған қалам Орынбор болғанымен, әкем туу туралы куәлігімді елден басқа біреулер арқылы алдырған екен. Төлқұжатымда «Қостанай облысы. Торғай. Қазіргі Жангелді» деп көрсетілген. Міржақыптан қалған жалғыз перзент болғандықтан өзімді әке өмірінің жалғасындай көріп, фамилиясын өшірмей, Гүлнар Дулатова болып өмір сүріп келемін»,– деп келтіреді.

1939 ж. Алматы мед. институтын бітірген. 1939–47 ж. Шымкент облысында дәрігер, венеролог. диспансердің бас дәрігері болып істеді. 1947–48 ж. Алматы қ. 1-ауруханасының бөлім меңгерушісі, 1948–51 ж. Алматы мед. ин-ты венерология кафедрасының ассистенті, 1953–89 ж. Алматы қ. Совет ауданының дәрігер-консультанты қызметтерін атқарған. Әкесі Міржақып пен басқа да Алаш қайраткерлері туралы естеліктер жазып, көптеген деректі материалдарды алғаш жариялап, Алматы, Қостанай, Семей, Астана мұражайларына құнды мұрағаттар, қуғын-сүргін құрбандарының бұрын белгісіз жеке хаттарын, суреттері мен кезінде тиым салынған кітаптарын тапсырған. Өзі де қыспақта жүріп, көзінің қарашығындай сақтаған әке мұралары мен оның күрескер серіктері жайлы материалдарды 1988 жылдан баспасөзде жариялай бастады. 1995 ж. «Свет истины», «Шындық шырағы», (екі томдық) кітаптары жарық көрді. Сонымен қатар, әкесінің «Оян, қазақ», екі томдық, кейін бес томдық шығармалар жинағын құрастырушылардың бірі болды. Әкесі М. Дулатовтың бірнеше шығармалар жинағын құрастырды. 2010 жылы республикада медициналық білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-інің Алтын медалі берілді. Гүлнар Міржақыпқызы айрықша еңбегі үшін 2011 жылы «Әлихан Бөкейханов атындағы тәуелсіз қоғамдық» төсбелгісімен марапатталды.

2013 жылдың 18 ақпанында 98 жасқа қараған шағында Алаштың аяулы ұлдарының соңғы ұрпақтарының бірі Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова өмірден өтті.

Гүлнар Міржақыпқызы туралы лебіздер

Ел мұрасы – еңсемізді биіктетер ерлік ұраны

Гүлнар Міржақыпқызы туралы деректер жайында Жанкелдин ауданының мұражайлар кешенінің басшысы Гүлбану Сәрсекеймен болған сұхбаттан үзінді: Гүлнар апамыз қиын-қыстау кезінде әкесінің дүниелерімен қатар, атасы Ахметтің 4-кітабының түпнұсқасын Орынбордан Мәскеуге көшіп бара жатқан татар көршісіне аманаттап табыстаған. 52 жыл бойы ақысын төлеп отырып, 1990 жылы ғана Алматыға алдырып, 1991 жылы Торғайдағы музейге берді. Бұл баға жетпес құнды жәдігерлерімізді ұрпаққа насихаттаудамыз. Сондай-ақ Ақаңнан қалған құнды жәдігерлер – жез леген, шифоньер, ағаш диван, сағаты, журнал столы, патефоны болса, Жақаң тұтынған заттардан – ас үстелі, тумбочкасы, қол жуғышы, шай әбзелдері, кестелі атлас көрпесі бар, бұның бәрі шешеміз Ғайнижамалдың төркінінен келген бұйымдар. Бұдан бөлек, тар жол, тайғақ кешу жылдарында қапаста отырып өзіне тіккен қазақы тақиясы (аяқталмай қалған) мен қызы Гүлнарға жасаған фотожақтауы, 10 жасында дүние салған баласы Әлібек үшін жасатқан, күміспен шекелеткен қайыс белбеуі бар. Алаштың кейуанасы атанған Гүлнар апамыздың оранған жөргегі, жары тұтынған қобдиша мен қайшы, балаларының шашын алған машинкасы мен өзіне тоқыған жағасы – осының бәрі мұражайдағы құнды дүниелер. Гүлнар апамыз өзі табыс еткен. Тағы бір айта кететін жәдігер – Міржақыптың сүйегін Карелиядан елге әкелер кезінде қорымнан алынған бір уыс топырақ. Сол топырақты апамыз өмірінің соңына дейін төсегінің басында сақтап, дүние салар алдында баласы Ерлан Сатыбалдыұлына «қабірімнің ішіне денеме жартысын себерсіңдер, қалғанын Торғайдағы музейге, Гүлбануға табыс етерсің» деп аманат етіпті. «Аманатқы қиянат жасамайын» деп Ерлан ағамыз нағашы атасы Міржақыптың топырағын музей қорына табыстады.

сұхбаттасқан Аслан Қанғожин.

Қостанай таңы, – 2020. – 25 қыркүйек. – Б. 6, 7.

Бір өзі бір университет, тірі тарих

Қабырғанды қайыстырып кететін қайғылы хабар – қазаның жеңілі жоқ. Ал, Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың өмірден өтуі тіптен ауыр. Міржақып Дулатов сынды алаш арысының қызы, Әбен Сатыбалдиев секілді қайраткер қаламгердің жары, Ерлан Сатыбалдиев сияқты ақиық азаматтың анасы Гүлнар анамыз тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы еді. Бір өзі бір университет, тірі тарих, бітімі бөлек бекзат анамыз өмірдің талай сынынан өтті, сынбады. «Халық жауының қызы» деп қуғын-сүргін көрген азапты, ауыр жылдарда да әкесі Міржақып жаққан азаттық отын өшірмей, алаш арыстарының мұрасын көзінің қарашығындай сақтап, бүгінгі күнге жеткізді.

Сәбит Досанов, жазушы.

Тектінің тұяғы

1957 жылы Уфа қаласында ғылыми іссапарда жүріп, сол жерде өртенгелі жатқан қазақтың көнекөз 700 кітабын елге жеткізуге себепші болып едім. Солардың ішінде Міржақыптың да кітаптары бар болатын. «Бақытсыз Жамал» мен «Оян, қазақ!». Сол құнды дүниелерді көруге Міржақып Дулатовтың күйеу баласы Әбен Сатыбалдиев деген кісімен бірге Гүлнар апай да келген еді. Әкесінен қалған осы қимас жәдігерлерді көріп, сол жолы өзінің балалық шағын, отбасын есіне алып, Гүлнар апай мауқын бір басқаны бар.

Гүлнар апай тағдырдың ащы дәмін татты. Бүкіл өмірі ақиқат жолында күресумен өтті.

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова қазақ ұлтына жасалған қанқұйлы қасіретті істің 100 жасаған куәгері еді. Ол кісі қазақтың азат ел болғанын көзбен көріп кетті. Әкелерінің өз ұлты үшін бастаған қасиетті ісі мен ақадал тілегін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп кеткен Гүлнар апайдың алды жарық, арты кеніш болсын деймін!

Иманды болыңыз, Гүлнар апа! Бақұл бол, қазақтың қамқоршы қайсар қызы!

**Тұрсынбек Кәкішев,
филология ғылымдарының докторы.**

Қос ғасырдың шежірешісі

Дара еді, даңқты еді, дарқан еді, менің ерекше жаратылысты асыл апам! Қос ғасырдың шежіресін жазып кеткен талантты, дарынды болатын. Көкірегі алтын көмбе еді-ау! Құдды, Міржақып әкесіндей сабырлы мінезді, өткір тілді, ақыл-ойы дариядай, құшағына бүкіл елін сыйдыратын мейірімді ұлы ана боп аттанып кеттің-ау, апа, ғапылда.

Асылдың тұяғы, қайран апа! Өзіннің туған күнің 4 қарашада Міржақып әкең ақталып, күздің шелектеп құйған қара жаңбырына көз жасыңды бақыраштап қоса төккенінді тарих көрді!. Сол себепті ұсынады енді, әрдайым Төрді! Енді қайтіп, Еліңнің ұрпақтары жыламасын! Сіз көрген қорлық, жапаны білмесін! Тасқа тамырын терең жіберген дара шынарым, Гүлнар апа! Өлмейтіндей көрініп едіңіз!... Қайтейін!.. Әкеңіздің мүрдесін өзіңіз жат жерден әкеліп, мәңгі жайғастырған кәрі Торғайың қаралы басын төмен салып: «Қош, қош!» – дейді. Бақыл болыңыз жан апа!

Қайсар Әлім, көсемсөзші.




Егемен Қазақстан. – 2013. – 29 наурыз. – Б.7.



Егемен Қазақстан – 2013. – 20 ақпан. – Б. 6.




Қазақ әдебиеті – 2013. – 22 ақпан. – Б. 10.



Еңбектері



Естелік суреттер



Гүлнар Дулатованың алты айлық кезіндегі суреті



Гүлнар Дулатова қызы Динарамен



Ғайнижамал мен Гүлнар Дулатовалар. Орынбор, 1922 жыл.



Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Қасым Өтеуліұлы, Ерлан Әбенұлы, Ботагөз Асқарова, Жаннат Әбенқызы, Гүлнар Міржақыпқызы. Екінші қатарда: Тұрар Арыстанбекұлы, Қайдар Асқарұлы, Ұлан Әріпжанұлы, Әбен Сатыбалдиев. Алматы, 1963 жыл. (Сурет "Шындық шырағы" кітабынан алынған)



Отырғандар (солдан оңға қарай): Гүлнар, Әбен, Рәкүл. Тұрғандар (солдан оңға қарай): Жаннат, Нұрлан, Зәуре, Ұлан, Фатима Зәуірбекова, Ерлан. 1964 жыл.



Солдан оңға қарай: Файнижамал Дулатова, Гүлнар Дулатова, Міржақып Дулатов, Әзен Ақбердина, Ғаббас Нұрымұлы, Мариям Нұрым келіні, Тұрғандар (солдан оңға қарай): Ахметсафа Юсупов, Гүлшаһра Юсупов, Исламбек Ақбердин . Орынбор, 1924 жыл.



Отырғандар: Гүлнар Дулатова мен профессор Жұмағали Ысмағұлов. Тұрғандар (солдан оңға қарай): суретші Е. Қожабаев, Жұмағали Ысмағұловтың зайыбы Фарида апай, журналист Қ. Әлім, С. Байзақов.



*Слева-направо: Гүлнар Дулатова, Қайым Мұхамедханов
и Мугайша Ауэзова (г. Алматы, 1992 г.)*



**Солдан оңға қарай: Қ. Сатпаева, Қ. Әлім,
Г. Дулатова М. Мағауин, құдағиы Гүлсім
(г. Алматы, 1992)**



Әбен Сатыбалдиев пен Гүлнәр Дулатова. 1963 жыл.

Арнаулар

Гүлнар апа Міржақыпқызы Дулатоваға

Мен атыңды бала кезден естідім,
Содан бері жоқ ұмытқан еш күнім.
Тағдыр дауыл қоймай қуған қаңбақтай,
Көз алдымда тұрды сенің кескінің.

Өткені мен Жақан туған өзені –
Қоңыраулыда еңбек еткен кез еді
Жақан аты оңашада айтатын
Сол ауылдың шалдарының сөзі еді.

Мұнарытып қыстың күні батқанда,
Малын жайлап, ел ұйқыға жатқанда
Төңтер деген жағы талмас бір жырау
Сұлтанбектің хикаясын айтқанда.

Жорғалардай жолсызбенен жосатын,
Арасында Жақан атын қосатын
«Сұлтекеңнің нағашысы болатын –
Ол жарықтық өзі көсем, өзі ақын»,–

Деп қоятын, құлағыма сыбырлап,
Бір тарихтан суыртпақтап, сыр ұрлап.
– Қалып еді ол сабаздан жалғыз қыз,
Қайда қазір, тірі ме екен, сол бейбақ?..

Сөй деп қойып «Гүлнар-ай» деп ән салып,
Отыратын көзіне сәл жас алып,
Жас Сұлтанға жазған Жақан өлеңін
Тағы айтатын, қайғысынан босанып...

Одан бері жарты ғасыр кетті өтіп,
Жадымыздан Жақан атын шеттетіп.
Жер бетінде өзің жасап келесің,
Оның гүлін көкірегіңе көктетіп

Мехнатың мен азабыңды мен айтып,
Қайтем бүгін қасіретінді молайтып,
Беки-беки тасқа айналған сабырың
Тарих жолда қала берсін солай тік!

Есту үшін жақсы әкенің жақсы атын,
Тірі болу,шыдау еді мақсатың.
Сол арманға жеттің бүгін,Апатай,
Бас қатырман айта беріп басқасын.

Қайран Жақаң қайта келді халқына,
Сен де бүгін алақайла, жарқыра!
Бір де болса бірегей қып бір қызды
Рақмет оған тастап кеткен артына!

Ғафу Қайырбеков.
белгілі ақын, 22 қараша, 1989 жыл.

Гүлнар апа

Тұлпардың тұяғысыз, Гүлнар апа,
Өмірде талай қайғы, көріп жапа.
Сексеннің биігіне келіп қапсыз.
Сылып тастау ауаны болған қапа.

Әке атын – Міржақыпты биіктетіп,
Тараттың сөзін тілге тиек етіп.
Ағаның өшкен үні жаңғыруда
Бұл күнде саналыға жатыр жетіп.

Жақандар адамдардың абзалдары,
Қазақтың көсем тұтқан басшы, ары.
Бастарын қиын жолға құрбан еткен –
Ерте оятқан оларды халық зары.

Біздер өстік талай жыл іштен тынып,
Көрмесек те қоршаулы темір құлып.
Басқан із, сөйлеген сөз бақылаумен
Жеттік қой бұл кезеңге тірлік құрып.

Сексеннің сеңгірінен сексенбеңіз,
Әлі жүзе беріңіз өмірде – теңіз.
Қабағың жадыраған ашыла түссін,
Көңіліңіз әрдайым болсын семіз.

Бірі сөзбен білдірген тілектерін,
Мекен еткен ертеден Омбы жерін.
Тараған жалпы алты алашқа –
Қошкенұлы Нарманбетпін Кемеңгердің

**Нарманбет Қошкеұлы, ақын,
Алматы қаласы, 18.11.1995.**

Міржақып деген атты қайта жаңғыртқан

Тұлпардан тұяқ,
Сұңқардан қияқ болдыңыз.
Аққан жасты да,
Төккен қанды да көрдіңіз.
Жеңе білдіңіз күйіктерін мың өмірдің
Тоқсанға келіп, биікте бүгін орныңыз.

Арқаңыз сіздің Міржақып тірі жүр әлі,
«Қазағым» деген құлақта үні тұр әні.
Иеді басын бүгінде Сізге барлық маң
Міржақып деген ұлы атты қайта жаңғыртқан.

Жүз жиырмадағы баба жайлы өлең өрейік,
Көңілге әрбір жыр шапағатын себейік!
Жүз елу жаста Міржақыпты айтып ендігі
Жүз жиырма жасқа келгеніңізді көрейік!

**Данияр Жігітбеков, 8 сынып оқушысы,
Республикалық Абай оқуларының
3-орын иегері, сөз шебері**



Марапаттары мен куәліктері



Мазмұны

1. Құрастырушыдан	3
2. Әке аманатын арқалаған тұлға.....	4
3. Гүлнар Міржақыпқызы туралы лебіздер	5-7
4. Баспасөз беттерінде	8-9
5. Еңбектері.....	10
6. Естелік суреттер.....	11-14
7. Арнаулар.....	15-17
8. Марапаттары мен куәліктері.....	18-19
9. Мазмұны	20

Құрастырушы: Ж.К. Туякбаева
Редакторы: С.А.Алматова
Шығ.жауапты: Ж.К. Абжанова

Басуға 24.11. 2025 ж. қол қойылды
Қаріп түрі Times New Roman
Басылымның көлемі: 5
Таралымы: 3 дана

**«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

E – mail:arkounb@mail.ru